

**"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 шілдедегі N 644 қаулысына өзгерістер енгізу туралы"**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 ж. 24 мамыр, N 556. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.13. N 960 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

1. 1994 жылғы 1 маусымнан бастап Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарларға салынатын акциз ставкалары 1994 жылғы 1 маусымға дейінгі жасасқан контрактілер бойынша төленген импортталатын тауарлардан басқасы қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің

22.06.1994 ж. N 701 және 04.19.1995 ж. N 513  
қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше мемлекеттерден тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарларға салынатын акциз ставкалары туралы" 1993 жылғы 27 шілдедегі 644 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N31, 357-бап/ бірінші тармағының бірінші абзацының күші ішінара жойылған деп танылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 22.06. 1994 ж.  
N 701 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 24 мамырдағы  
N 556 қаулысына  
Қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден

тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарларға  
салынатын

---

—  
Сыртқы экономикалық ! Тауарлардың атауы ! Акциз ставкасы  
қызметтің тауар номе! ! кедендік құнына  
клатурасының коды ! !% есебімен  
-----

401110000 Жеңіл автомобильдерге арналған жаңа  
пневматикалық резина шиналар 30

420310000 (тек Табиғи немесе жасанды теріден тігілген  
табиғи теріден) киім 40

4303 Мех киім 50

57-топ Кілем және кілем бұйымдары 25

650692000 Табиғи мехтан тігіліп, әдіптелген  
немесе әдіптелмеген астарды яки  
астарсыз басқа да бас киімдер 45

6911	Фарфор және фаянс ыдыс	45
701321	Хрустальдан жасалған сусын ішетін ыдыстар	45
701331	Хрустальдан жасалған дастарқан бұйымдары (сусын ішетін ыдыстардан басқасы) немесе ас үй жабдығы	45
701391	Хрустальдан жасалған басқа да бұйымдар	45
7113	Бағалы металдар жалатылған металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен олардың бөліктері	30
7114	Алтын және күміс шеберлерінің бағалы металдар жалатылған металдардан жасаған бұйымдары мен олардың бөліктері	30
7116	Табиғи немесе қолдан өсірілген інжуден, асыл немесе жартылай асыл тастардан (табиғи, жасанды яки қайта қалпына келтірілген тастардан) жасалған бұйымдар	30
8703	Адамдарды тасымалдауға арналған жеңіл автомобильдер мен басқа да моторлы көлік құралдары (8702 тауар түрін де жіктелген автомобильдерден басқалары), оның ішінде жүк-жолаушы автомобиль-фургондар және жарыс автомобильдері	25

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚРМҚ-нің 13.02.1995 ж. N 146 және 04.19. 1995 ж. N 513 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК